

АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ  
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСІНІҢ 2022 жылғы 02 наурызындағы ҚАУЛЫСЫ

**I. Зерттеу қызметі жөніндегі проректор Е.Ә.Бөрібаевтың** Университеттің 2021 жылғы ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелері туралы ақпараты тыңдалып және талқыланып, Комитеттің қорытындысын ескеріп, **Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:**

- 1) Зерттеу қызметі жөніндегі проректор Е.Ә.Бөрібаевтың «Абай атындағы ҚазҰПУ-дың 2021 жылғы ғылыми-зерттеу жұмысы бойынша есебі» баяндамасы мақұлданып және бекітілсін;
- 2) Ғылыми кеңес мүшелері мен институт директорлары Жас зерттеушілер кеңесімен бірлесіп отырып, Абай атындағы ҚазҰПУ-дың 2021 жылға арналған ғылыми-зерттеу жұмысы туралы баяндамасының материалдарын талдап, институт кеңестерінің отырысында талқыласын және 2022 жылы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жетілдіру бойынша ұсыныстарын 2022 жылдың 15 сәуіріне дейін Ғылым департаментіне тапсырылсын.

**II. Ғылым департаментінің директоры У.М.Абдиганбарованың** «2021/2022 оқу жылында Басқарма төрағасы – Ректордың №04-04/403 бұйрығымен оқуға қабылданған 1-курс PhD докторанттары мен магистранттарының диссертация тақырыптары мен ғылыми жетекшілерін (отандық және шетелдік ғылыми кеңесшілерін) бекіту туралы» баяндамасын тыңдап және Комитеттің қорытындысын ескеріп, **Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:**

- 1-курс PhD докторанттарының докторлық диссертация тақырыптары мен отандық және шетелдік ғылыми кеңесшілері бекітілсін;
- 1-курс магистранттарының магистрлік диссертация тақырыптары мен ғылыми жетекшілері бекітілсін.

**III. Тарих және құқық институтының директоры А.М.Джунусовтың** Тарих және құқық институтының 2022-2025 ж.ж. Даму стратегиясы туралы ақпаратын тыңдап және талқылай отырып, Комитеттің қорытындысын ескеріп, **Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:**

- Тарих және құқық институтының 2022-2025 жылдарға арналған Даму стратегиясы назарға алынсын;
- Институттың Даму стратегиясы жоспарға сәйкес іске асырылсын (Жауапты -Тарих және құқық институтының директоры А.М.Джунусов).

**IV.** Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры *Х.Н.Жанбековтың* «2022/2023 оқу жылына арналған профессор-оқытушылар құрамы атқаратын педагогикалық жүктеме көлемін есептеуге арналған уақыттың бірыңғай нормасының ережесін бекіту туралы» ақпаратын тыңдап және талқылай отырып, **Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:**

- 2022/2023 оқу жылына арналған Абай атындағы ҚазҰПУ оқытушы-профессорлар құрамы атқаратын педагогикалық жүктеме көлемін есептеуге арналған уақыттың бірыңғай нормасын бекіту үшін Академиялық мәселелер жөніндегі Комитеттің комиссиясына, Экономикалық жоспарлау және талдау басқармасына, Кадр саясаты бөліміне келісімге жіберілсін.

**V.** Әртүрлі.

**VI.** Осы шешімдердің орындалуын қадағалау Академиялық мәселелер жөніндегі проректор *М.А.Бектемесовке* жүктелсін.

**Ғылыми кеңес төрағасы**

**Бас ғалым хатшы**



*Д. Билялов* **Д. Билялов**  
*Ж. Битбаева* **Ж. Битбаева**